



L= PPh<sub>3</sub>; B=Ts

Алғашқы каталистикалық активті аралық гидридтік комплекс (б) лигандалық алмасу реакциясы (а) нәтижесінде бастапқы комплекстен Pd(PPh<sub>3</sub>)<sub>4</sub> және протон донорынан (TsOH) түзіледі.

Барлық кейінгі айналу тізбектері (б-м) лигандалық бөліну (б), алмасу (в және ж), қосылу (г, з және л) және ену (д және к) реакцияларының біртіндеп жүруі болып табылады. Соңғы сатыда (м) ацилді комплекстің алкоголизі (9) бір уақытта гидридтік комплекстің (б) регенерациясымен бірге жүретін реакция өнімінің түзілуі жүреді. Бұл сұлбада процестің жоғары региоселективтілігіндегі *n*-толуолсульфоқышқылдың рөлі жақсы көрінеді. Кеңістіктік және басқа да себептерге байланысты координациялық сферасында көлемді тозилді лиганда бар аралық σ-комплектің қалыптасуы (8) қос байланыс жанындағы шеткі көміртек атомымен байланыс түзілуімен бірге жүреді. Біз ұсынып отырған механизм әрине дәлелдеуді қажет